

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПЛАВЛ ҚАЖАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

май Жұма Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Бүгін-Жеңіс Күні.

Совет халқының барлық жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы данышпан көсеміміз және ұстазымыз **СТАЛИН** жолдас жасасын!

ыс Министрінің ЫҒЫ

47

Москва қаласы

да, сол сияқты, Калининградта, Львовта және қаһарман қалаларда: Ленинградта, Сталинградта, Севастопольде және Одессада 30 дүркін артиллерия атылып, салют берілсін.

Совет халқы және оның даңқты Армиясы жасасын!
Совет Үкметі жасасын!

Совет халқының ұрыстарда шыныққан авангарды, жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы—Лениннің—Сталиннің ұлы партиясы жасасын!

Біздің ұлы көсеміміз және ұстазымыз, данышпан қолбасшымыз Совет Одағының Генералиссимусы Сталин жолдас жасасын!

Отанымыздың бостандығы және тәуелсіздігі жолындағы ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

**ССР Одағының Соғыс Министрі
ағының, Маршалы А. ВАСИЛЕВСКИЙ**

-Теңіз Министрінің ЫҒЫ

Егістің қарқыны күшейтіліп, сапасы арттырылсын!

Бірінші орындамыз дейді...

—Алло, алло, Явленка!
—Я, мен Явленкамын.
—Образцовая МТС-ің қосыңызшы, қарашығым!
—Қоса алмаймын, жарты сағаттай болды, Супрунюк жолдас сөйлесіп жатыр.
Тағы да алло дейсіз. Керек еткен жеріңізді сұрайсыз.
—Жоқ болмайды, —дейді.

Аудан басшыларының, әсіресе, аудандық партия комитетінің секретары Супрунюк жолдасың, кәзір, көктемгі егіс жұмыстарының шешуші күндерінде телефон жолын бұл сияқты ұзақ ұстайтындығына, колхоздармен, совхоздармен және МТС-термен байланыс жасап тұратындығына қарсылығымыз жоқ.

Бірақ, сол телефон арқылы сөйлесудің өзі көбінесе нәтиже бермейді, мәселені егжей-тегжейіне дейін анықтап біліп, жергілікті жердегі жағдаймен толық танысуға және жұмыста кездесіп отырған кемшіліктерді жою шараларын ұсынуға мүмкіншілік туғызбайды. Жұырда осындай бір әңгімеге куә болғанымыз бар.

даланылып, барлық тракторшылардың жұмыс тапсырмасын сөзсіз орындауы қамтамасыз етіліп отырған болар. Жоқ, олай емес. Ауданда трактор паркінің қуаты әлі сарқа пайдаланыла қойған жоқ. Бір ғана Образцовая МТС-де егіс жұмыстары басталғалы трактор паркі 1316 сағат уақытты босқа өткізді. МТС-тің қарауындағы «Орталық» колхозында қуатты 3 трактор жұырда бірнеше сағат қарап тұрды. МТС директоры Грищенко жолдас тракторлардың қарап тұруын, оларға кезінде техникалық көмек көрсетілмейтіндігін көп ретте колхоз басшыларының кінәсі деп түсінеді, ал, оның ез тарапынан тракторлардың қуатын сарқа пайдалану шарасын қолдану әлі жеткіліксіз. Ол МТС-те бүгінгі күнге дейін орта есеппен алғанда әрбір трактормен 35 гектар жер жұмысталғандығын тіпті зор қанағат тұтатын сияқты.

Грищенко жолдас «Новый путь» колхозындағы Редкин жолдасың трактор бригадасында 15 аттың күші бар әрбір трактормен 80 гектардан аса жер жұмыс

жылдығы», «Искра», Ленин атындағы колхоздарда жиі кездеседі.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Көктемгі егіс кезіндегі саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстары туралы» қаулысында партия ұйымдарынан көктемгі егісте саяси-бұқаралық жұмыстың барлық түрін пайдалануды, егіншілер арасында социалистік жарысты кеңінен ерістетуді, жұмыстан кейін саяси баяндамалар, лекциялар ұйымдастыруды талап етті. Әрине Ленин аудандық партия комитеті бұл мәселелер жөнінде ештеңе істей алмай отыр дей алмаймыз. Бірақ, істелген іс өте мардымсыз. Әңгіме, егіншілер мен тракторшылар арасында саяси-бұқаралық жұмыстың пәрменді жүргізілмей отырғандығы жөнінде болып отыр.

Мысалдар келтірейік. Позолотин —мамандығы жөнінде оқытушы, оның үгіт-бұқаралық жұмыс жүргізуге қабілеті де, білімі де жетеді. Сондықтан да оны партия ұйымы Воровский атындағы колхоздағы Бондаренко жолдасың трактор бригадасына үгітшілікке тағайындады.

шруттарды, шаруашылық есепті және басқаларын күнделікті жұмысқа кеңінен пайдалануды, әрбір тракторшының белгіленген сменалық норманы толық және артық орындауын қамтамасыз етуді талап етті.

Осы қаулы бойынша МТС директорлары мен олардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары әрбір трактордың екі сменада жұмыс істеуі үшін және көктемгі егісті өткізу жөнінде колхоздармен жасасқан шарттары міндеттемелердің тағайындалған мерзімінде орындалуы үшін тікелей жауапты екендіктері ескерілді.

Мұның мәнісі — Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті атап көрсеткендей, республиканың басқа облыстарындағы сыяқты, біздің облыстың колхоздарында, МТС-тері мен совхоздарында көктемгі егісті өткізуге әзірленуде және көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастырудың алғашқы күндерінде елеулі кемшіліктердің орын алғандығында еді.

Міне, мұның өзі ауыл шаруашылығын өркендету, еңалдымен, жер шаруашылығының мәдениетін арттырып, егін өнімін молайту ісінде трактор паркінің қуатын сарқа пайдаланудың қаншалықты зор маңызы бар екендігін айқын көрсетеді. Олай болса, аудандық партия комитеттері, Совет атқомдері, ауылшаруашылық және совхоз орындары, сонымен бірге, МТС басшылары, кәзір, көктемгі егіс жұмыстарының пәшүші күндерінде трактор паркінің қуатын сарқа пайдалану күресін ұйымдастыру мәселесімен тынбай шұғылдануға міндетті.

Былғи көктемнің кеш келгендігіне, көктемде жыртылатын жер көлемінің үлкендігіне, қысқы мезгілде жемшөп тасығанда жұмыс істеген тракторлардың қосымша жөндеуге қойылуы сыяқты жағдайдың орын алғандығына қарамастан, облысымыздың бірқатар аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері, МТС, совхоз орындарының басшылары, машина-трактор станцияларының жұмысына

газетімізде бүгін жарияланып отырған Ленин ауданының мысалы айқын дәлел. Ауданның көптеген колхоздарында трактор паркінің жұмыс өнімділігі мардымсыз. Аудандық партия комитеті, Совет атқомі мен МТС басшылары трактор бригадаларында жұмысты алдыңғы қатарлыларша ұйымдастырумен жете шұғылданбады. Ал, ондай алдыңғы қатарлылар ауданда ондай саналады.

Трактор қуатының пайдаланылуы Мамлют, Соколов, Полудень және Конюхов аудандарында да ойдағыдай емес. Бұл аудандарда егіс жоспарының оннан бір бөлегі де орындалмай отырғандығының басты себебі осы деуіміз керек. Ол-олма, Конюхов ауданындағы Суворов МТС-нің басшылары, оның директоры Мотыгин жолдас тіпті, кәзірдің өзінде, көктемгі дала жұмыстары жаппай басталып отырған кезде, жер жыртуға және жыртылған жерді тырмалауға тракторларды толық қоспай отыр. Мұндай жағдайда трактор паркінің қуатын сарқа пайдалану жөнінде сөз болуы мүмкін бе? Әрине, жоқ.

Облысымыз көктемгі егіс жұмыстарының барысында өте мөте артта қалып отыр. Мұны егіс жоспарының күні бүгінге дейін бестен бір бөлегінің де орындалмағанынан айқын көреміз. Ендігі жерде егіс жұмыстары қарқынның мұншалықты баяу болуына төзімділік болмасақ тиіс. Сондықтан көктемгі егіс жұмыстарының барлығында тракторлардың қуатын мейлінше сарқа пайдалану шараларын жүзеге асыру керек. Ол үшін МТС-тер мен совхоздар, олардың басшылары мен мамандары үстіміздегі жылы ішкі қорларды пайдалану және трактор бригадалары мен тракторшыларды жұмыстың жаңа прогрестік әдісіне көшіру арқылы трактор паркінің жұмыс өнімін анағұрлым арттыру міндетін ойдағыдай шешуге тиіс.

Әңгіме әрбір МТС пен совхозда баулық трактор бригадаларын сағаттық гра-

директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары мен партия ұйымдары секретарьларының әрбір бригадала және отрядта өткен тәуліктің ішінде қанша жұмыс орындағанын күн сайын біліп отыруға, тәуліктік тапсырмаларды орындамаған бригадалар мен отрядтардың жұмысын жақсартуға жедел шаралар қолдануға міндетті екендігін естен шығаруға болмайды.

МТС-тер мен совхоздардың директорлары, инженерлері мен механиктері тракторлардың және ауылшаруашылық машиналарының техникалық күтімін жолға қоюға, көшпелі мастерскойлардың жұмысын тыңғылықты ұйымдастыруға, ал, колхоз басқармалары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын өте өнімді пайдалану үшін егін салынатын жерді уақытында әзірлеуге, трактор бригадаларына тыңғылықты қызмет жауапқа міндетті.

Көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, тракторлармен істелетін жұмыстарды колхоздармен жасасқан шартта көрсетілген мерзімде атқарып жатқан алдыңғы қатарлы отрядтар мен тракторшылардың тәжірибесі МТС-терде машина паркінің қуатын сарқа пайдалануға қаншалықты қорлар бар екендігін дәлелдейді. Сол қорларды пайдалана білу, механизаторлардың социалистік саналылығын арттыра түсу, оларды трактор жұмыстарының түсер бағасын арзандатуға жаппай жұмылдыру және жергілікті партия, совет ұйымдары мен МТС және совхоз басшылары тарапынан трактор бригадаларына басшылықты берген сайын жақсарту керек.

Облыс механизаторлары! Трактор паркінің қуатын сарқа пайдалану жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, көктемгі егіс жоспарын үкмет тағайындаған мерзімде орындап шығу жолындағы күресте колхозшы шаруалар мен совхоз қызметкерлеріне келелі көмек жасайық!

«Путь к социализму» колхоздарында өте нашар. Ал, аудан бойынша барлық 414 көлік соқасынан 10 соқа ғана, 82 сеялкадан 5—6 сеялка ғана пайдаланылып отыр.

Ауданда жұмыс аттары мен өгіздерінің, көлік соқалары мен сеялкалардың жұмысқа толық пайдаланылмай отырғандығы неліктен? Мұның басты себебі аудан басшылары, сол сыяқты, колхоз басшылары да тек қана механизация күшіне сеніп, жұмыс малдарымен атқарылуға тиісті және жоспарда белгіленген жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданбай, бұл мәселеге тиісті маңыз бермей келеді.

Ал еңдеше осыған қарағанда, бұл ауданда трактор паркінің қуаты сарқа пай

Қарқын неге баяу

Жуырда Баян МТС-нің «Организованный труд» колхозының егіс даласында жұмыс істейтін «С—65» тракторы радиаторының жарамсыздығынан екі күн бойына жұмысқа қосылмай тұрды. Осы сыяқты Преснов МТС -нің «Сталин жолы» колхозындағы трактор бригадасында 2 «ХТЗ» тракторы сынып, үш күндей жұмысқа қосылған жоқ.

Бұл неліктен? Оның себебі — тракторларға күнбе-күн смена артынан және жұмысқа шығар алдында техникалық күтім жасалмайды.

Тракторларды жоғары техникалық күтімде ұстауда және оларды үздіксіз жұмысқа қосуда көшпелі мастерскойлардың үлкен роль атқаратындығы мәлім. Алайда, аталған 2 МТС-тің екеуінде де көшпелі мастерскойлар осы уақытқа дейін жұмысқа тиімді пайдаланылмай отыр. Осының салдарынан сынған трактор жоғарыдағыдай уақытылы жөндемей, бірнеше күн бойына жұмысқа пайдаланылмайды. Мұнымен бірге, Преснов ауданының осы екі МТС-де және басқа бірнеше МТС-тердің тракторларының көпшілігінде жарық орнатылмаған. Бұл жағдай тракторлардың екі сменада жұмыс істеуіне тікелей нұқсан келтіріп отыр.

М. ӘКІМЖАНОВ.

Осының салдарының тиімділігі бағаланды. Бұл тақасы қатарынан. Бірақ, әлі күнге дейін жоқ.

Осы колхоз бригадаларының да жөндеу тракторының қаны әлі бағаланды де көп екі сыз атқару

Қарағ

Қарағанды жоспарын 7 бұл табысқа күш-мүмкін ресе, машин тиімді пайдалануға

Егіс дала торлар мен лығы дерлік пайдаланылып

Совхоз тракторшы сы ерекше бір сменада 155 гектар күндік жұмыс орындап жү

Тракторшы көктемгі егіс механизатор таланнан б жұмысқа қол жетіп келеді тар егістік

Совхозда жұмыстары ды. Осыған лері нар жә 3 «ХТЗ» тр сменаларда

Ұлы жеңісі

және мемлекет құрылысының жеңісінің, ССРО Қарулы Күштері жеңісінің салтанаты болды.

Жауды талқандап, еліміз бейбіт жемісті еңбекке, ғытлершіл басқыншылар қыйратқан шаруашылықты қалпына келтіруге кірісті. Ленин — Сталин партиясының сыннан өткен басшылығының арқасында совет адамдары қысқа мерзімде, сырттан көмексіз — ақ, соғыс түсірген ауыр жақаттарды жазып қана қойған жоқ, сонымен бірге, Сталин жолдас жасап берген коммунизм құрылысының ұлы жоспарын жүзеге асыруда аса көрнекті табыстарға ие болды. Халық шаруашылығын қалпына келтірудің және одан әрі өркендетудің соғыстан кейінгі бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Табиғатты қайта өзгертудің сталиндік жоспары ойдағыдай жүзеге асырылуда, Еділ мен Днепрде, Дон мен Амударияда орасан зор гидротехникалық құрылыстар — дүние жүзінде теңдесі жоқ коммунизм құрылыстары салынууда.

Совет Одағының ғытлерлік Германия мен империалистік Жапонияны тарихи жеңуінің нәтижесінде капиталистік система үлкен күйзеліске ұшырады. Европаның бірқатар елдерінің еңбекшілері халыққа қарсы, буржуазиялық помещиктік құрылысты құлатып, халықтық демократия тәртібін орнатты және Совет Одағының адал көмегі арқасында социализм орнату жолында ойдағыдай алға басуда. Ұлы қытай халқы тарихи жеңіске жетіп, өзінің халықтық республикасын құрды. Корей халқы демократиялық республикасы туды. Бейбітшіл герман демократиялық республикасының құрылуы Европа тарихында беталыс болды.

ССРО-ның және халықтық демократия

Саяси-моральдық бірлік демонстрациясы

★ Завод жұмысшыларының еркі ★

Шағын двигательдер зауыдының цехтарында халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемын шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысына арналған жыйындар ұйымдасқан түрде өтті.

Құрастыру цехының кең залына жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер жыйналды. Жыйналысты ашар алдындағы сөзінде цех бастығы П. Ф. Криушин жолдас былай деді:

— Халық шаруашылығын өркендетудің 1952 жылға арналған мемлекеттік заемін шығару туралы үкмет қаулысын қуанышпен қарсы алып, оған ұйымдасқан түрде жазылумен бірге, бұдан былай да еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсартып беретін боламыз.

Совет мемлекетінің саясаты — бейбітшілік саясаты. Бұған Еділ, Дон, Днепр, Амудария өзендерінде жүріп жатқан коммунизмнің алып құрылыстары, сол сияқты, еліміздің барлық қалалары мен деревняларында еңбекшілер үшін салынып жатқан тұрғын үйлер мен емханалар, оқу орындары толық дәлел бола алады. Келешекте де біздің қуаттайтынмыз — бейбітшілік ісі, жоспарлаған жұмыстарымыз — еңбекшілер мүддесін өтейтін бейбітшілік құрылыстары. Быйыл

Колхозшылар үлесі

Совет ауданының Молотов атындағы колхозының мүшелері еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің жаңа заемін шығару жөніндегі хабарды асқан зор белсенділік көрсетумен қарсы алды. Колхозшылар заемды таратуға арналған жыйында сөйлеген сөздерінде жаңа заем

шығарылып отырған мемлекеттік жаңа заем да бұрынғы заемдардай Отанымыздың экономикалық қуатын арттыра беру ісін, бейбітшілік ісін нығайта беруді көздейді.

Заводтың таңдаулы стахановшы слесарі Костырев жолдас өзінің сөйлеген сөзінде:

— Ұлы қытай халқы мен жауынгеркорея халқына қарсы басқыншылық соғыс жүргізіп, Қытай мен Корей Халық Демократиялық Республикасы жерлерінде бактериологиялық құралды қолданып отырған қандыбалақ американистеріне өзіміздің өшпенділігімізді білдіреміз. Сонымен қатар, сүйікті Отанымыздың қорғанышпаздық қуатын арттыра беру үшін, көсеміміз Сталин жолдастың тікелей нұсқауымен салынып жатқан коммунизмнің алып құрылыстарын мерзімінде аяқтау үшін мемлекеттік жаңа заемға біздің завод жұмысшылары ұйымдасқан түрде жазылады, — деді.

Мұнан кейін шығып сөйлеген технолог В. С. Сизняк, жұмысшы Поликарпов жолдастар мемлекеттік жаңа заемды қуаттайтындықтарын айтты. Жаңа заемға жазылу шағын двигательдер зауыдында үлкен ұйымшылдықпен өтті.

мыс дәрежесін көтере түсуге көмектеседі. Сонымен бірге, барлық колхозшыларды заемға белсене жазылуға шақырамын.

Колхозшы Шорманов қарт сөзінде былай деді:

— Мен жаңа заемның шығарылуын үкмет пен партиямыздың халықтың әл-ауқатын оған сайын көтеруге жасаған жа

Совет үкмет делегациясының Прагаға келуі

ПРАГА, 7 май. (СОТА). Бүгін Прагаға Совет Армиясының Чехословакияны азат етуіне жеті жыл толуына байланысты мерекеге Совет үкмет делегациясы келді. Делегацияның құрамында Совет Одағының Маршалы И. С. Конев (делегация басшысы), ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары В. А. Зорин және ССРО-ның Чехословакиядағы елшісі А. И. Лаврентьев бар.

Совет және чехословак туларымен безендірілген Рузин аэродромында Совет үкмет делегациясын Ұлттық жыйналыстың председателі Олдржих Йон, премьер-министр Антонин Запотоцкий, премьер-министрдің орынбасары және сыртқы істер министрі Вилем Широкий, ұлттық ел қорғау министрі армия генералы А. Чепичка, Чехословакия компартиясы Орталық Комитетінің секретарьлары Антонин Новотный, Вацлав Давид, Йозеф Тесла және Йиндржих Угер, Ұлттық майданның құрамына кіретін қоғам ұйымдарының өкілдері, Праганың приматры Вацлав Вацек, Чехословакия республикасының және басқа саяси, қоғам қайраткерлері, сол сияқты, Чехословакиядағы совет елшілігінің жауапты қызметкерлері, халықтық демократия елдерінің және Герман Демократиялық Республикасының мерекеге келген үкмет делегацияларының мүшелері, сонымен қатар, осы елдердің елшілік өкілдері қарсы алды.

Совет үкмет делегациясының құрметіне аэродромда құрметті қарауыл қойылып, Совет Одағы мен Чехословакияның мемлекеттік Гимндері ойналды.

СОВЕТ ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ЧЕХОСЛОВАКИЯДА БОЛУЫ

ПРАГА, 7 май. (СОТА). Бүгін Совет Одағының Маршалы И. С. Конев бастаған совет үкмет делегациясы ресми түр-

тесу дұрыс. Сонымен, олар болғанынша көп өлтірісе берсін».

Бірақ, адамзат жауларының бұл «бол-жаулары» мен үміттері негізсіз болып шықты.

Инициатива күннен-күнге Совет Армиясының қолына барған сайын көше берді. 1941 жылдың аяғында Тихвиннің, Дондағы Ростовтың түбінде, Қырымда жауға күйрете соққы берілді. Москва

армияларының ішіндегі ең күштісі — неміс-фашист армиясын талқандаған, ал, кейінірек империалистік Жапонияны тізе бүгуге мәжбүр еткен Совет Қарулы Күштерінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі мемлекетіміздің мызғымас беріктігі мен қуатын бүкіл дүние жүзіне көрсетті. Ол шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан үздік артықшылығының, советтік қоғам

Гитлершіл басқыншыларға қарсы соғыстағы бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісте өшпес даңққа бөленіп Совет Армиясы бүкіл жер шары еңбекшілерінің сүйіспеншілігі мен құрметтеушілігіне ие болды. Ол совет адамдарының бейбіт еңбегінің күзетінде тұр, өзінің ұлы халқына адалдықпен қызмет істеуде, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қорғаушысы болып табылады.

тілмей келеді.

Мұның басты себебі—бақша шаруашылығын өркендету мәселесіне облыстық ауылшаруашылық басқармасы, оның жеміс және овощ шаруашылығы жөніндегі бөлімі назар аудармай, бұл мәселемен мықтап шұғылданбай келеді. Петропавлдық өзінде де отырғызылған ағаштарды күту ойдағыдай ұйымдастырылмаған.

Петропавл және Кондратовка ағаш питомниктері жыл сайын көптеген түп жидек-жеміс ағаштарының бұталарын сатады. Бірақ, көп реттерде олардың тұқымы араласып кетеді. Сонымен бірге, жеміс

рап қалады.

Сондықтан, жұмыс іргелерінде жаппай өркендеме бақша күту жөн мачуриндік секциялар жақсы іс болар еді. да өздігінен бақша нушы жұмысшылар біріктіріп, олардың отыруына көп көмек сіз.

КОЛХОЗДЫ АУЫЛДЫҢ МӘДЕНИ

Ленин атындағы колхозда (Совет ауданы) 1938 жылы 250 кісілік залы және өзіне лайықты сахнасы бар колхоз клубы салынған болатын. Соңғы жылдар ішінде клуб өзінің жұмысын колхозшылардың күнбе-күнгі мәдени тілегіне сай жүргізуге жетісті. Мұнда колхозшылар үшін кино-суреттер жиі-жиі көрсетіліп тұрады. Мектеп оқушылары мен колхоз жастары колхозшыларға пьеса қойып көрсетеді, концерттер береді.

Колхоздың шаруашылығы нығайып, қоғамдық дәулеті молаюмен бірге, мәдени дәрежесі де күннен күнге артуда. Кәзір колхоздың оқу үйі бар, ол колхозшылардың сүйікті орнына айналды. Онда

500-ден астам саяси кітаптары бар. Колхоз үнемі алып, жұмыс оқып отырады.

Оқу үйінің менгері кітап оқушылар ретінде кітап оқушылар кізіп тұрады.

Кәзір оқу үйі өзіне егіс көзіне арнап қа орталығынан алыс ма дала бригадаларында ұйымдастырылып, ол мен, кітаптармен, мен қамтамасыз етіл

ЕМТИХАН ТАПСЫРУДА

Үстіміздегі жылы Петропавл ауданында агротехникалық курстарда оқытын 294 колхозшы емтихан тапсырмақ. 104 колхозшы үшжылдық агрозоотехникалық курсті бітіріп шығады.

Кәзір үшжылдық агрозоотехникалық курстардың барлығында дерлік емтихан жүріп жатыр. Фурманов атындағы, Димитров атындағы, Пушкин атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» және «Красный пахарь» колхоздарындағы агрозоотехникалық топтарда емтихан аяқталды.

ОЗАТ Ш

Өткен жылы Пол «Прогресс» (Метлиш шопаны В. Рыбалкин уашылығын өркендетіме жеткен болатын.

Ол быйыл да қой еімділігін арттыруда ді көздеп отыр. Үлгі өзінде қарамағындағы қозы алып, оларды ді



1945 жылы 2-май күні Совет армиясының бөлімдері Германияның астанасы — Берлинді толық алды.

СУРЕТТЕ: рейхстаг төбесіне Жеңіс туын тігудің көрінісі. Берлин 1945 жыл.

(СОТА-ның фотохроникасы).

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор-партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 6-22, газет табыс етілме